



ЭКОНОМИКС

IS-LM үлгісін талдау





Дәрістің жоспары:

1. IS-LM үлгісіне жалпы шолу.
2. IS қисығын құру.
3. LM қисығын құру.
4. IS-LM үлгісіндегі макроэкономикалық тепе-теңдік және макроэкономикалық (фискалдық және монетарлық) саясат нәтижелері.

IS-LM үлгісіне жалпы шолу

Дәрісіміздің бірінші сұрағында IS-LM үлгісін қарастырамыз. Бұл үлгі игіліктер мен ақша нарықтарын байланыстырады. Ол байланыстың қаншалықты маңызды екенін әріқарай талқылайық. Алдымен, үлгінің анықтамасын айтамыз.

IS-LM үлгісі – экономиканың нақты және ақша секторларының өзара байланысын, игіліктер нарығы мен қаржылық активтер нарығының экономикалық тепе-теңдігін сипаттайтын қос теңдестік үлгісі. Бұл үлгі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдіктің орнауы үшін қажетті табыс көлемі (Y) мен нарықтық пайыз мөлшерлемесі (i) арасындағы үйлесімділікті табуға мүмкіндік береді.

IS-LM үлгісінде қолданылатын ұғымдарды түсіндіру үшін біз негізгі макроэкономикалық теңдестікті пайдаланамыз:

$$Y = C + I + G + NX$$

Макроэкономикалық теңдестікке сәйкес, үлгінің ішкі және сыртқы айнымалылары пайда болады.

Үлгінің ішкі айнымалылары – Y (табыс), C (тұтыну), I (инвестиция), NX (таза экспорт), i (пайыз мөлшерлемесі).

Үлгінің сыртқы айнымалылары – G (мемлекеттік шығындар), MS (ақша ұсынысы), T (салық мөлшерлемесі).

Қысқа мерзімді кезеңде бағаның атаулы және нақты шамалары сәйкес келеді, жиынтық табыс (Y) пен пайыз мөлшерлемесі (i) айнымалы болып табылады.

Ұзақ мерзімді кезеңде баға деңгейі өзгермелі, MS (ақша ұсынысы) өзгер-мелі шама, ал үлгідегі басқа да айнымалылар нақты шама болып табылады. IS-LM үлгісінің болжамдарын қарастырайық.

IS-LM үлгісі мынадай болжамдарға сүйенеді:

- игіліктер мен ақша нарықтарының өзара байланысын және өзара тәуелділігін көрсетуге;
- осы нарықтардың жекелеген тепе-теңдіктерін қалыптастыруға және біріктірілген тепе-теңдігін де қалыптастыруға әсер ететін факторларды анықтауға;
- осы нарықтарда орын алатын тепе-теңдіктің өзгеруінің экономикаға әсерін қарастыруға;
- фискалдық және монетарлық саясаттардың тиімділігін талдап көрсетуге;
- жиынтық сұраныстың функциясын салуға және оған әсер ететін факторларды анықтауға;
- экономикалық циклдің әртүрлі фазаларына сәйкес тұрақтандыру саясатының жолдарын талдап көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен, IS-LM үлгісі кейнстік тұрпаттағы үлгі болып табылады, экономиканы қысқа мерзімді кезеңде қарастырады және жиынтық сұраныстың қазіргі теориясының негізгі қызметін атқарады.

IS-LM үлгісін осылай жалпы шолып өткеннен кейін, келесі сұраққа көшейік.

IS қисығын құру

Бұл сұрақта IS қисығының қалай құрылатындығы туралы айтамыз.

IS қисығы (инвестициялар-жинақтар) игіліктер нарығының тепе-теңдігін сипаттайды және



сол игіліктер нарығында туындайтын нарықтық пайыз мөлшерлемесінің (i) және табыс деңгейі (Y) арасындағы өзара қатынасты бейнелейді. IS қисығын құру үшін:

- жиынтық шығындар үлгісі;
- автономдық жоспарланған шығындардың пайыз мөлшерлемесіне деген тәуелділік функциясы негіз болып табылады.

IS қисығын инвестиция мен жинақтау функциялары арқылы құруға болады. IS қисығының бойындағы кез келген нүкте жинақтау мен инвестицияның тепе-теңдігін көрсетеді.

IS қисығының бойымен жылжу тауар нарығында тепе-теңдіктің сақталуы үшін пайыз мөлшерлемесі өзгергендегі ұлттық табыстың қалай өзгертіндігін көрсетеді.

IS қисығын Кейнс кресінің үлгісі арқылы көрсетуге болады. Ол үшін «Экономикс» оқулығында көрсетілген осы сұрақты толығырақ оқып, талқылау керек.

Осы сызбаға сәйкес, Кейнс кресі үлгісі арқылы шығатын IS қисығы белгілі бір пайыз мөлшерлемесінің деңгейі мен табыс деңгейінің өзара үйлесімділігі арқылы сипатталатын тауар нарығындағы тепе-теңдіктің мүмкін болатын нүктелерінің жиынтығын көрсетеді. IS қисығының бойында кем дегенде екі үйлесімділік нүктесі болуы тиіс және осы кез-кезген нүкте тауар нарығындағы тепе-теңдіктің орындалатындығын сипаттайды. Мұнда екі жағдай орын алуы мүмкін, яғни біріншіден, пайыз мөлшерлемесінің жоғары деңгейі мен табыстың төменгі деңгейіне сәйкес келетін үйлесімділік нүктесі және екіншіден, пайыз мөлшерлемесінің төменгі деңгейі мен табыстың жоғары деңгейіне сәйкес келетін үйлесімділік нүктесі.

Жоғарыда тұрақты деп болжанған басқа да айнымалылар (мәселен, мемлекеттік шығындар және салық салу) әсер еткенде IS қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, егер кез келген пайыз мөлшерлемесінің деңгейінде мемлекеттік шығындар өсетін болса, онда жиынтық сұраныс көбейеді. Мұндай жағдайда IS қисығы оңға қарай жылжиды, керісінше, берілген пайыз мөлшерлемесі кезінде қолда бар табыстың төмендеуі жиынтық сұранысты төмендетеді, ал IS қисығы солға қарай жылжиды. Егер:

- инвестиция мен таза экспорттың пайыз мөлшерлемесіне деген сезімталдылығы аса жоғары болса;
- тұтынуға деген шекті бейімділік аса жоғары болса;
- салық салудың шекті мөлшерлемесі аса төмен болса;
- импорттауға деген шекті бейімділік аса төмен болса, онда IS қисығының көлбеулік сипаты аса жатыңқы болады және осы аталған жағдайлардың барлығы керісінше жүрсе, онда IS қисығының көлбеулік сипаты аса тіктеу болады.

LM қисығын құру

LM қисығы (өтімділік-ақшалар) ақша нарығының тепе-теңдігін сипаттайды, яғни ол ақшаға деген сұраныс (алдымен қолма-қол ақшалардың абсолюттік өтімділігінің белгілерімен шартталған) пен ақша ұсынысының теңдігі болып табылады. LM қисығының графигі ақша ұсынысының (MS) белгілі бір мөлшерінде ақша нарығындағы тепе-теңдікке сәйкес келетін пайыз мөлшерлемесі мен жиынтық сұраныстың (ұлттық табыстың) арасындағы байланысты көрсетеді.

LM қисығының бойындағы кез келген нүктеде ақшаға сұраныс пен ақша ұсынысы тең болады. LM қисығының графикалық көрінісін «Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызба арқылы сипаттауға болады.

Осы сызбаға сәйкес, LM қисығы белгілі бір пайыз мөлшерлемесінің деңгейі мен табыс деңгейінің өзара үйлесімділігі арқылы сипатталатын ақша нарығындағы тепе-теңдіктің мүмкін болатын нүктелерінің жиынтығын көрсетеді. LM қисығының бойында кем дегенде екі үйлесімділік нүктесі болуы тиіс және осы кез-кезген нүкте ақша нарығындағы тепе-теңдіктің орындалатындығын сипаттайды. Мұнда екі жағдай орын алуы мүмкін, яғни біріншіден, пайыз мөлшерлемесінің жоғары деңгейі мен табыстың төменгі деңгейіне сәйкес келетін үйлесімділік нүктесі және екіншіден, пайыз мөлшерлемесінің төменгі деңгейі мен табыстың жоғары деңгейіне сәйкес келетін үйлесімділік нүктесі.



Жоғарыда тұрақты деп болжанған басқа да айнымалылар (мәселен, ақша ұсынысы) әсер еткенде LM қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, егер кез келген пайыз мөлшерлемесінің деңгейінде мемлекеттік шығындар өсетін болса, онда жиынтық сұраныс көбейеді. Мұндай жағдайда LM қисығы оңға қарай жылжиды, керісінше, берілген пайыз мөлшерлемесі кезінде қолда бар табыстың төмендеуі жиынтық сұранысты төмендетеді, ал LM қисығы солға қарай жылжиды. Егер:

- ақшаға деген сұраныстың пайыз мөлшерлемесінің қарқынына деген сезімталдылығы аса жоғары болса;
- ақшаға деген сұраныстың жалпы ішкі өнімнің қарқынына деген сезімталдылығы аса төмен болса, онда LM қисығының көлбеулік сипаты аса жатыңқы болады және осы аталған жағдайлардың барлығы керісінше жүрсе, онда LM қисығының көлбеулік сипаты аса тіктеу болады.

IS (игіліктер рыногының тепе-теңдігі) және LM (ақша рыногының тепе-теңдігі) қисықтарының қиылысуы осы екі рыноктарда бір уақытта тепе-теңдіктің орын алуын қамтамасыз ететін пайыз мөлшерлемесінің i (пайыздың тепе-теңдік мөлшерлемесі) және табыс деңгейінің Y (табыстың тепе-теңдік деңгейі) ортақ мәндерін анықтайды.

Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік жағдайы IS және LM қисықтарының қиылысқан нүктесінде орнайды. Оны «Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызбасы арқылы сипаттауға болады.

Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес келетін жиынтық сұраныс көлемі тиімді сұраныс деп аталады. Тиімді сұраныстың не екенін өткен дәрістерде айтқан болатынбыз. Енді дәрістің соңғы сұрағын талдауға көшеміз.

IS-LM үлгісіндегі макроэкономикалық тепе-теңдік және макроэкономикалық (фискалдық және монетарлық) саясат нәтижелері

Дәрістің бұл сұрағында көрсетілген үлгі арқылы макроэкономикалық саясат нәтижелерінің қалай болатындығын қарастырамыз. Мемлекеттік шығындардың молаюы, салық деңгейінің төмендеуі немесе ақша ұсынысының өсуі жиынтық сұраныс қисығын оңға жылжытады. AD қисығының өзгерісі IS және LM қисықтарына әртүрлі әсер етеді. Бұл жағдай ынталандырушы фискалдық және монетарлық саясаттарын сипаттайды.

IS-LM үлгісі фискалдық және монетарлық саясаттарының қысқа мерзімдегі өзгерістерінің ұлттық табысқа әсер етуін талдау үшін қолданылады. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық.

Ынталандырушы фискалдық саясатының ұлттық табысқа әсері. Мемлекеттің фискалдық саясаты, мәселен, шығындарды көбейтуі немесе салықтарды төмендетуі IS қисығын оңға жылжытады. Тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесіне ауысады. Нәтижесінде ұлттық табыс Y_0 -ден Y_1 -ге көбейеді. Ұлттық табыстың өсуі ақшаға деген сұранысты арттырады. Ақшаға сұраныстың артуы пайыз мөлшерлемесінің i -ден i_1 -ге дейін өсуіне әкеледі. Ал пайыз мөлшерлемесінің өсуі инвестицияны қысқартады. Сөйтіп ынталандырушы фискалдық саясаты пайыз мөлшерлемесін өсіріп инвестицияның бір бөлігін ығыстырады. Мемлекеттік шығындардың көбеюі салдарынан пайыз мөлшерлемесі өсіп, оның инвестицияға әсер етуі «инвестицияны ығыстыру әсері» деп аталады. Егер ығыстыру әсері болмаса, онда мемлекеттік шығындардың өсуі немесе салықтардың төмендеуі нәтижесінде ұлттық табыстың артуы Y_e -ден Y_2 -ге мәніне тең болар еді. Бірақ ығыстыру әсері салдарынан ұлттық табыстың өсуі тек Y_e -ден Y_1 -ге мәніне ғана тең болады («Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызбаларын оқып, түсіну керек).

Сөйтіп ынталандырушы фискалдық саясатының нәтижесінде бір жағынан, жұмысбастылық пен өнім көлемі өседі, ал екінші жағынан, ығыстыру әсерінің салдарынан өнім көлемі азаяды.

Ынталандырушы монетарлық саясатының ұлттық табысқа әсері. Егер мемлекет ұлттық табысты ұлғайтуды мақсат етсе, онда ол ақша ұсынысын көбейтуі мүмкін. Ақша ұсынысының артуы LM қисығын төмен (оңға) LM1-ге жылжытады. Тепе-теңдік A нүктесінен B нүктесінен



ауысады. Нәтижесінде пайыз мөлшерлемесі i_0 -ден i_1 -ге төмендейді, ал ұлттық табыс Y_0 -ден Y_1 -ге көбейеді. Сөйтіп ақша ұсынысының артуы пайыз мөлшерлемесін төмендетіп инвестицияны ынталандырады. Бұл жағдай тауарлар мен қызметтерге сұранысты кеңейтеді. Мұны «кейнстің беріліс механизмі» деп атайды. («Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша келтірілген сызбаларын оқып, түсіну керек).

Мемлекеттің фискалдық және монетарлық саясаттарын бірге қолдану пайыз мөлшерлемесін өзгертпей өнім көлемін көбейтуге немесе тұрақты өнім көлемінде пайыз мөлшерлемесін төмендетуге алып келеді.

Сонымен, бұл дәрісті қорытындылайтын болсақ, IS-LM үлгісі пайыз мөлшерлемесі арқылы қалыптасатын тауар және ақша нарықтарында бір мезетте тепе-теңдіктің қалай орнайтынтығын түсіндіру үшін қарапайым түрде қолданылады. Алайда «Экономикс» оқулығы авторларының айтуынша, бұл үлгі экономиканың жалпы тепе-теңдігін теориялық тұрғыдан анықтайды, сонымен қатар, үлгі ескірген және қазіргі заманғы экономикалық өзгерістерді, әсіресе, соңғы жылдары орын алған қаржылық-экономикалық дағдарыстардың себептерін түсіндіре және одан кейін қалай жұмыс жасайтынын көрсете алмайды деген ойларды алға тартады. Дегенмен үлгінің осындай келіспеушіліктеріне қарамастан, ол тауар және ақша нарықтарындағы өзара байланыстардың қалай орын алатындығын түсіндірудің пайдалы әдістерін көрсетеді және макроэкономикалық фискалдық-монетарлық саясаттардың салыстырмалы әсерлерін көрсетуде пайдасы зор.

Түйін

1. IS-LM үлгісі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдіктің орнауы үшін қажетті табыс көлемі мен нарықтық пайыз мөлшерлемесі арасындағы үйлесімділікті табуға мүмкіндік береді. IS-LM үлгісі AD-AS үлгісінің нақтыланған түрі болып табылады.

2. IS қисығы – игіліктер нарығындағы тепе-теңдікті көрсететін үлгі. Ол теріс көлбеулі болып табылады, өйткені пайыздық қойылымның төмендеуі инвестиция көлемін арттырады. LM қисығы – ақша нарығындағы тепе-теңдікті көрсететін үлгі. IS және LM қисықтары белгілі бір факторлардың өзгеруі салдарынан оңға немесе солға жылжиды.

3. IS-LM үлгісі фискалдық және монетарлық саясаттарының қысқа мерзімдегі өзгерістерінің ұлттық табысқа әсер етуін талдау үшін қолданылады.

4. Ынталандырушы фискалдық саясатының нәтижесінде бір жағынан, жұмысбастылық пен өнім көлемі өседі, ал екінші жағынан, ығыстыру әсерінің салдарынан өнім көлемі азаяды.

5. Фискалдық және монетарлық саясаттарын бірге қолдану пайыз мөлшерлемесін өзгертпей өнім көлемін көбейтуге немесе тұрақты өнім көлемінде пайыз мөлшерлемесін төмендетуге алып келеді.

6. Игіліктер нарығы мен ақша нарығының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес келетін жиынтық сұраныс көлемі тиімді сұраныс деп аталады.

Шолу сұрақтары:

1. IS-LM үлгісі қандай нарықтардың экономикалық жағдайларын сипаттайды?
2. IS қисығы қандай экономикалық көрсеткіштердің арасындағы өзара байланысты сипаттайды?
3. LM қисығы нені анықтайды?
4. IS-LM қисығының өзгерістеріне қандай факторларына әсер етеді?
5. Ығыстыру әсері қалай орын алады?
6. Экономика қай уақытта өтімділік тұзағына тап болады?
7. Инвестициялық тұзақ дегеніміз не?
8. Тиімді сұранысқа қай уақытқа қол жеткізіледі?



Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 8-тақырып.
2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 9-тарау.
3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 2, глава 6.
4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 5.
5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 9.
6. Курс экономической теории: учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 22 (Приложение №2).
7. Селищев А.С. Макроэкономика. 3-е изд. – Спб.: Питер, 2005. Глава 8.
8. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2 – изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 8.